

## Қазалы ауданының елді мекендерінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 318 қаулысы және Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 358 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 желтоқсанда № 5265 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **Қаулы етеді** және Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы Арықбалық ауылдық округінің Жанқожа батыр ауылының шекараларының (шегінің) жалпы алаңы 5775 гектар, Өркендеу ауылдық округінің Жанкент ауылының жалпы алаңы 5098 гектар, Құмжиек ауылдық округінің Қашақбай Пірімов ауылының жалпы алаңы 9576 гектар, Майлыбас ауылдық округінің Ақсуат ауылының жалпы алаңы 29920 гектар, Қарашеңгел ауылдық округінің Жалаңтөс батыр ауылының жалпы алаңы 3230 гектар болып өзгертілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 21.12.2022 № 195 қаулысымен және Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 21.12.2022 № 331 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының  
әкімі

\_\_\_\_\_ Н.Шамұратов  
Қазалы аудандық  
мәслихатының хатшысы  
Т. Бөріқұлаков

Қазалы аудандық  
мәслихатының кезектен тыс  
XXXXX сессиясының төрағасы  
\_\_\_\_\_ Б.Бекбауылов

Қазалы ауданы әкімдігінің бірлескен  
2015 жылғы "27" қарашадағы  
№ 318 қаулысына  
және Қазалы аудандық мәслихатының  
2015 жылғы "27" қарашадағы  
№ 358 шешіміне қосымша

**Қазалы ауданының елді мекендерінің жерлерінің экспликациясы**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 21.12.2022 № 195 қаулысымен және Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 21.12.2022 № 331 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Жерлердің атауы	Жалпы көлемі (гектар)	оның ішінде(гектар):					орман көмкерген	басқа да жерлер
			ауыл шаруашылығы алқаптары						
			егістік	к ө п жылдық екпелер	тыңайған жер	жайылымдар			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	
1	Арықбалық ауылдық округінің Жанқожа батыр ауылы	5775	390	-	373	4171	-	841	
2	Өркендеу ауылдық округінің Жанкент ауылы	5098	2	-	47	2933	-	2116	
3	Құмжиек ауылдық округінің Қашақбай Пірімов ауылы	9576	27	-	81	6909	-	2559	
4	Майлыбас ауылдық округінің Ақсуат ауылы	29920	36	-	234	23642	-	6008	
5	Қарашеңгел ауылдық округінің Жалантөс батыр ауылы	3230	168	-	97	2659	-	306	